

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымын жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 желтоқсан N 1536. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.24. N 657 қаулысымен. ~P970657

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы 116 бірліктегі қызметкерлердің шекті санының негізінде (үй-жайды күзететін және қызмет көрсететін қызметкерлерді қоспағанда) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші, сондай-ақ 11 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Тау-кен қадағалау және өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1793 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1820 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 39, 501-құжат) 2, 4, 5, 6-тармақтары.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 желтоқсандағы
N 1536 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитеті орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Төтенше жағдайлардың алдын алу бас басқармасы

Жедел мән беру және азаматтық қорғаныс бас басқармасы

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, өнеркәсіпте жұмыстың
қауіпсіздігін қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі
мемлекеттік бас инспекция (бас басқарма құқығында)

Бақылау және талдау бөлімі

Кадр бөлімі

Қаржы-экономика бөлімі

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі

Арнаулы бөлім